

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 272 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 мамырда № 22712 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

Н. Ермекбаев

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 272 бұйрығымен
бекітілді

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13264 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларында:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылған:

1) оқудағы жетістіктерді балдық-рейтингтік бағалау жүйесі – білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін білім деңгейін балмен бағалау жүйесі;

2) әскери оқу орындары – ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары;

3) ҚР ҚМ жоғары әскери оқу орындары (бұдан әрі – ЖӘОО) – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары;

4) академиялық берешек – білім алушының белгіленген мерзімдерде тапсырмаған оқу пәндері (практика түрлері) бойынша бір және одан да көп қанағаттанарлықсыз бағаларының болуы;

5) қорғау – білім алушылардың зертханалық жұмыстарын, есептеу-графикалық тапсырмаларын, курстық жұмыстарын (жобаларын), дипломдық жұмыстарын (жобаларын), магистрлік диссертацияларын (жобаларын), докторлық диссертацияларын, барлық практикалар мен тағылымдамалар түрлерін орындауын бақылау нысаны;

6) білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

7) білім алушының жеке рейтингісі – білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын академиялық кезеңдегі пәндерді меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

8) білім алушыларды қорытынды аттестаттау – білім беру бағдарламаларында, тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін және (немесе) модульдерді және өзге де оқу қызметінің түрлерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

9) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери колледжі (бұдан әрі – Әскери колледж) – техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты білім беру ұйымы;

10) аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) – білім алушылардың академиялық кезеңдегі оқу пәндерінің бір бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

11) пререквизиттер – оқылатын пәнді меңгеру үшін қажетті пәндердің тізбесі;

12) МАК кіші комиссиясы – бұл қорытынды аттестаттауға шығарылатын әрбір емтихан пәні бойынша құрылатын, оқу орны бастығының бұйрығымен бекітілетін кіші комиссия;

13) білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау – академиялық кезең ішінде оқытушы өткізетін дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

14) транскрипт – кредиттер мен білімді бағалауды көрсете отырып, оқытудың тиісті кезеңінде меңгерген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;

15) межелік бақылау – бір оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау;

16) жұмыс оқу жоспары – үлгілік оқу жоспары негізінде әзірленетін және міндетті және ЖОО құрамдастары оқу пәндерінің тізбесі, кредиттерге олардың еңбек қажеттілігі, зерделеу жүйелілігі, бақылау нысандары айқындалатын білім беру ұйымының басшысы бекітетін оқу құжаты;

17) оқу үлгерімінің орташа балы – білім алушының нақты аралық аттестаттаудың есептілігіне жұмыстық оқу жоспарымен анықталған барлық оқу пәндері мен оқу қызметінің басқа нысандары (курстық жұмыс, жоба, тапсырма, практика, тағылымдама) бойынша бағаларының орта арифметикалық мәні (100 балдық шәкіл бойынша);

18) емтихан – оқу пәнінің бөлігін (барлық көлемін) және (немесе) модульдерін оқытуды аяқтау бойынша жүргізілетін білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау нысаны.

3. Үлгерімді ағымдағы бақылау білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейін айқындау мақсатында оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және жұмыс оқу бағдарламасымен айқындалатын әртүрлі бақылау нысандарымен жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ағымдағы бақылаудың бір түрі межелік бақылау болып табылады, ол бір академиялық кезең ішінде бір пән шеңберінде 2 және одан да көп рет жүргізіледі және жұмыс оқу бағдарламасымен айқындалатын әртүрлі бақылау нысандарымен жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту (бұдан әрі – ҚО) бойынша білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды:

1) білім алушы мен оқытушының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалана отырып қарым-қатынасы;

2) тестілік кешендер;

3) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру арқылы жүргізуге жол беріледі.

Ұлттық қорғаныс университетінде ҚО бойынша білім алушыларда межелік бақылау емтихан сессиясы және/немесе қысқа мерзімді оқу жиындары кезеңінде жүргізіледі.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. АҰБ кезекті межелік бақылауға дейінгі ағымдағы бақылау бағаларының орташа мәнінен (бұдан әрі – АББ) және кезекті межелік бақылау бағаларынан (бұдан әрі – КМБ) құралады. Бұл ретте АҰБ-да АББ мен КМБ арақатынасы АББ 60%-те КМБ 40% құрайды.

$$\text{АББ} \cdot 0.6 + \text{КМБ} \cdot 0.4 = \text{АҰБ}.$$

9. Межелік бақылау үшін оқу бөлімі (оқу-әдістемелік басқарма) (бұдан әрі – оқу бөлімі) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы үлгерім ведомосын ресімдейді.";

11, 12, 13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. ЖРБ және емтихан бағалары (бұдан әрі – ЕБ) негізінде пәнге баға (ПБ) қойылады, ол ең көп дегенде 100 балды құрайды, оның ішінде ЖРБ-ға 60 %, ал ЕБ-ға 40 % беріледі.

12. ЕБ-ға 50 балдан төмен жинаған білім алушыға "қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылады."

13. Емтиханға жіберу үшін рейтинг бағасының ең төмен жиынтық балы 50 балды құрайды.

$$50 \text{ балл} \leq \text{ЖРБ} \leq 100 \text{ балл}.$$

14. ЕБ-дан 50 балдан төмен баға алған білім алушыға осы Қағидалардың 36-тармағына сәйкес емтиханды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

$$50 \text{ балл} < \text{ЕБ} \leq 100 \text{ балл}.$$

15. Білім алушы жаттығуларды іс жүзінде орындағаны үшін қолданыстағы курстардың (оқ ату, жауынгерлік машиналарды жүргізу, нақты бағыттау, ұшуды басқару) талаптарына сәйкес бағаланады. Бұл ретте дәстүрлі бағаны оқудағы жетістіктерді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесіне ауыстыру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

Әскери тағылымдаманы өткізу (сараланған сынақты жүргізу) кезінде практикалық дағдылардың, кешенді тактикалық міндеттердің бағасы осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес ведомоста көрсетіледі.

Білім алушы тағылымдама бағдарламасын сапалы өтеу туралы жалпы теріс қорытынды немесе есеп беруді қорғау кезінде "F", "FX" (қанағаттанарлықсыз) баға алған кездеғылыми кеңестің шешімі бойынша тағылымдама (практика) білім алушының демалыс есебінен (бітіруші курстың соңғы семестрінен басқа) ӘОО-ның оқу процесін қамтамасыз ететін бөлімшелерінде (бөлімдерінде) кемінде екі апта ішінде қайта өткізіледі.

Бітіруші курстың курсанттары (ұландары, кадеттері) тағылымдаманы (практиканы) қорғауда "F", "FX" (қанағаттанарлықсыз) баға алғаннан кейін әскери тағылымдаманы (практиканы) ӘОО-ның бастығы айқындайтын білім алушылардың өзіндік жұмысының уақыты есебінен қайта өтеді.

Қосымша тағылымдамадан (практикадан) кейін есеп беруді қорғау қайта өткізіледі. "F", "FX" (қанағаттанарлықсыз) бағаны қайта алған жағдайда Ғылыми кеңестің шешімі бойынша білім алушы "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарынан шығарып жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 419 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15634 болып тіркелген) сәйкес үлгермеушілігі бойынша ӘОО-дан шығарылады.";

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Емтихан сессиясы жұмыстық оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Емтихан сессиясы қысқы және жазғы болып бөлінеді.

17. Әрбір оқу пәні және кейбір қосымша оқыту түрлері үшін бақылау нысаны емтихан болып табылады. Егер пән ұзақтығы екі немесе одан да көп академиялық кезең болса, әрбір академиялық кезеңнің аяқталуы бойынша емтихан нысанында аралық бақылау жүргізіледі.

Зертханалық, есептеу-графикалық тапсырмалар, курстық жұмыстар (жобалар), кәсіптік практикалар мен тағылымдамалардың барлық түрлері үшін – қорғау.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Емтихандар емтихан сессиялары кезеңінде жазбаша, ауызша, тест, практикалық немесе аралас нысанда өткізіледі. Семестрде оқу пәнін оқытуды аяқтау бойынша емтихан өткізуге жол беріледі. Ауызша нысанда бір күнде екі немесе одан артық емтихан тапсыруға жол берілмейді. Тест нысанында бір күнде екі немесе үш пән бойынша емтихан белгілеуге немесе екі және одан артық пәндер бойынша олардың бейінділік және жақындық принципін сақтаумен кешенді емтихан өткізуге жол беріледі

ҚО бойынша білім алушыларға емтихан өткізуге:

- 1) білім алушы мен оқытушының АКТ-ны пайдалана отырып қарым-қатынасы;
- 2) тестілік кешендер;
- 3) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру арқылы жол беріледі.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Зертханалық жұмыстарды, есептеу-графикалық тапсырмаларды және курстық жұмыстарды (жобаларды) қорғауды жұмыс (тапсырма, жоба) жетекшісінің тікелей қатысуымен емтихан қабылдаушы жүргізеді.

ҚО бойынша білім алушылардың курстық жұмыстарын (жобаларын) қорғауды АКТ-ны пайдалана отырып "on-line" режимінде және (немесе) қағаз жеткізгіште немесе

магниттік (оптикалық) жеткізгіштерде курстық жұмыстарды (жобаларды) тексеру жолымен өткізуге жол беріледі."

24-тармақ алып тасталсын;

25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Емтиханды ауызша немесе жазбаша нысанда өткізу үшін емтихан қабылдаушы емтиханға шығарылатын сұрақтар тізбесін, мысалдар мен міндеттерді, тестілерді әзірлейді және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емтихан билеттерін ресімдейді.

Емтихан билеттері кафедра (цикл) отырысында талқыланады, емтихан қабылдаушы қол қояды және кафедра (цикл) бастығы бекітеді. Емтихан билеттерінде негізгі сұрақтар, негізгі ұғымдар мен оқу пәнінің заңдылықтары көрсетіледі. Әрбір емтихан билеті кемінде екі сұрақтан тұрады, оның біреуі практикалық болуы мүмкін. Билеттегі сұрақтар саны семестрде оқытылатын пәндердің кредиттер санымен айқындалады. Емтихан билетінің сұрақтары қайталанбайды. Емтихан билеттерінің саны топта білім алушылардың санынан 20 %-тен астам болады.

26. Емтиханды тест нысанында өткізу үшін тест сұрақтарынан база жасалады. Әрбір сұрақтың 4 нұсқада жауабы болады, соның біреуі ғана дұрыс болады. База кемінде 100 тестілік сұрақтан тұрады. Сұраққа әрбір дұрыс жауап 1 балға бағаланады. Екі немесе одан астам жауап нұсқасы болған жағдайда балл саналмайды. Емтихан бағасын санау үшін тестілік емтиханнан алған балдар саны (БС) 0,4 коэффициентіне көбейтіледі. Тестілеуге үш академиялық сағат бөлінеді.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. ЖӨОО-да емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін оқу үлгерімінің орташа балы негізінде білім алушылардың жеке рейтингісі айқындалады.

ЖӨОО-да оқу үлгерімінің орташа балы (бұдан әрі – YOB) емтихан сессиясының пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша бағалардың (бұдан әрі – ПБ) кредиттерді (бұдан әрі – К) шығару сомасы мен балдардың сандық баламасы ретінде айқындалады.

$$YOB = (K_1 * ПБ_1 + K_2 * ПБ_2 + K_i * ПБ_j) / \sum K_i$$

Мұнда: K_1 – 1 пән бойынша кредиттер саны;

K_i – i пән бойынша кредиттер саны;

ПБ₁ – 1 пәннің бағасы;

ПБ_j – j пәннің бағасы."

35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Межелік бақылауды қайта тапсыру академиялық кезең ішінде аралық аттестаттау басталғанға дейін жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқыту бойынша білім алатын адамдар үшін межелік бақылауды қашықтықтан тапсыру мүмкіндігі болмаған жағдайда тапсыру (қайта тапсыру) аралық аттестаттауға келген кезде жол беріледі.

Жіберу рейтингісінің бағасы 50 балдан төмен болған кезде оқу бөлімі қайта тапсырудың жеке кестесін әзірлейді.

36. Емтиханды қайта тапсыру каникулдық демалыс кезеңінде екі реттен артық емес жүзеге асырылады.

Бірінші қайта тапсыру емтихан қабылдаған емтихан алушымен қабылданады. Екінші рет қайта тапсыруды әскери оқу орнының бастығы тиісті бейіндегі сәйкес оқытушылар қатарынан құрған құрамы кемінде 3 адамнан тұратын комиссия жүзеге асырады.";

37-тармақ алып тасталсын;

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Жаңа академиялық кезең басында академиялық берешегі бар білім алушы оқудан шығарылуға тиіс.

42. Емтихандар нәтижелерін талдау және оқу процесін жақсарту жөніндегі ұсыныстар емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін ЖӘОО факультеті кафедрасының (циклінің) және оқу-әдістемелік кеңесінің, Әскери колледжі педагогикалық кеңесінің отырысына талқылауға шығарылады.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Кадеттерге қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу үшін Әскери колледж бастығының бұйрығымен ағымдағы жылғы бірінші маусымға дейін күнтізбелік бір жыл мерзімге аттестаттау комиссиялары құрылады. Аттестаттау комиссиясы кемінде бес адамнан тұрады.";

61-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Оқу бөлімі аттестаттау комиссиясына мынадай құжаттарды:

кадеттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы Әскери колледж бастығының бұйрығынан үзіндіні;

жұмыс оқу жоспарының пәндері бойынша пәннің бағасын;

кәсіптік практика мен тағылымдама үшін бағаларды;

оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтихандарға шығарылатын сұрақтар тізбесін;

Әскери колледж бастығы бекіткен және тиісті циклдің бастығы қол қойған емтихан билеттерінің жиынтығын ұсынады.".

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Қорытынды емтихандар тиісті цикл әзірлеген, педагогикалық кеңесте қаралған, тапсырыс берушімен келісілген және Әскери колледж бастығы бекіткен бағдарламалар бойынша өткізіледі.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Жұмыс оқу жоспарының барлық пәндерінің кемінде 90 %-ті бойынша емтихандарды – "А", "А-" деген бағалармен, ал қалған пәндер бойынша "В+", "В", "В-" деген бағалармен тапсырған және барлық оқу кезеңі ішінде емтихандарды қайта тапсырмаған кадеттерге аттестаттау комиссиясының шешімімен үздік диплом беріледі. Үздіктердің фотосуреттері Әскери колледждің Құрмет тақтасына ілінеді. Әскери колледжді үздік бітірген бітірушілер қызмет орнын таңдауда басым құқықты пайдаланады.";

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Жұмыс аяқталғаннан кейін аттестаттау комиссиясының төрағасы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есеп беруді жасайды, ол Әскери колледж педагогикалық кеңесінің отырысында талқыланады және екі апта мерзімде әскери білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге ұсынылады." ;

80-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"80. Теориялық оқытудың, кәсіптік практиканың және әскери тағылымдаманың толық курсынан өткен курсанттар ол басталғанға дейін бір аптадан кешіктірілмей ЖӘОО бастығының бұйрығымен қорытынды аттестаттауға жіберіледі.";

121-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"121. Магистранттардың қорытынды аттестаттауы кешенді мемлекеттік емтихан тапсыру нысанында және/немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау түрінде өткізіледі.

Ұлттық қорғаныс университеті білім алушылардың теориялық дайындығының, оқу жетістіктерінің, оқу нәтижелерінің және зерттеу-талдау қабілеттерінің деңгейін ескерек отырып, дербес оларға қорытынды аттестаттау нысанын айқындайды.

Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау рәсімін Ұлттық қорғаныс университеті дербес айқындайды.";

127, 128, 129 және 130-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"127. МАК отырысының ұзақтығы күніне 8 академиялық сағаттан аспайды. Бұл ретте кешенді мемлекеттік емтихан тапсыруға бір (сол) күніне 20 адамнан артық емес, ал диссертация (жоба) қорғауға 10-нан артық емес адам жіберіледі.

128. Бірінші семестр ішінде оқуға қабылданғаннан кейін әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі тағайындалады. Ғылыми жетекші және магистранттың зерттеу тақырыбы оқу кеңесінің шешімі негізінде Ұлттық қорғаныс университеті бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Магистранттың ғылыми жетекшісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 30-тармағына сәйкес тағайындалады.

Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) тақырыптары тапсырыс берушімен келісіледі. Алдын ала қорғаудан өткеннен кейін магистрлік диссертация (жоба) тақырыбын нақтылауға жол беріледі.

129. Егер магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау қорытынды аттестаттауға шығарылмаған жағдайда, онда магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау МАК өткізілгенге дейін екі аптадан кешіктірілмей жүргізіледі және құрамы кемінде 3 адамнан тұратын ЭОО-ның ғылыми және оқу бөлімдерінің өкілдері қатарынан комиссия қабылдайды.

Бұл ретте магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеуге және қорғауға бөлінетін уақыт қорытынды аттестаттаумен пәндер цикліне және басқа да қызмет түрлеріне қайта бөлінеді.

130. Магистрлік диссертацияны (жобаны) рецензиялауды тапсырыс беруші тарапынан біліктілігі қорғалатын магистрлік диссертацияның (жобаның) тақырыбына сәйкес келетін әскери бөлімдер мен ұйымдардың немесе басқа да ұйымдардың өкілдері жүзеге асырады. Магистрлік диссертацияға (жобаға) рецензенттерді білім беру мәселелеріне жетекшілік ететін Қорғаныс министрінің орынбасары бекітеді.";

141-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"141. Қорытынды аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеген, магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау кезінде немесе кешенді емтиханды тапсыру кезінде 50 балдан төмен алған жағдайда магистранттар қорытынды аттестаттаудан өтпеген және "білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған" деп саналады, ЭОО-дан оқудан шығарылуға жатады.";

143, 144 және 145-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"143. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұнына және ресімделуіне, оларды дайындауға және қорғауға қойылатын талаптарды Ұлттық қорғаныс университеті дербес айқындайды.

Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде плагиат мәніне тексеріледі, оны тексеру қағидалары мен тәртібін Ұлттық қорғаныс университеті дербес айқындайды.

144. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау нәтижелері әрбір магистрантқа нысан бойынша жеке хаттамамен ресімделеді.

145. Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен адамдарға "магистр" дәрежесі беріледі және қосымшамен (транскриптпен) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом беріледі.";

149 және 150-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"149. Магистрлік диссертация (жоба) алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін бітіріп шығаратын кафедраға ұсынылады.

150. Магистрлік диссертацияны (жобаны) алдын ала қорғау рәсімі бітіріп шығаратын кафедраның кеңейтілген отырысында өткізіледі. Негізгі алдын ала қорғау

мәселелері тақырыптың өзектілігін талдау, жаңашылдық дәрежесі, зерттеу тақырыбының әзірлілік дәрежесі, алған нәтижелері, олардың негіздемелігі мен шынайылығы болып табылады.";

152, 153, 154, 155 және 156-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"152. Диссертацияға (жобаға) алдын ала қорғауды өткізгеннен кейін магистранттар магистрлік диссертацияны (жобаны) ресімдеу мәніне, авторға сілтемесіз және алып пайдалану көздерінсіз алып пайдалану материалдарының болуына сараптамадан өтеді.

153. Қорғауға жіберілген магистрлік диссертация (жоба) рецензиялаудан өтеді.

154. Рецензент магистрлік диссертациямен (жобамен) танысқаннан кейін рецензия жасайды, ол МАК жұмысы басталғанға дейін күнтізбелік 7 күн бұрын кешіктірмей Ұлттық қорғаныс университетіне ұсынады. Рецензияда жұмыс кемшіліктері белгіленеді, сапасы бағаланады, осы жұмыстың теориялық және практикалық құндылығы туралы қорытынды жасалады. Магистрлік диссертацияны (жобаны) талдау негізінде рецензент магистрантқа тиісті мамандығы бойынша "магистр" дәрежесін беру мүмкіндігі (себептерін көрсете отырып, мүмкін болмауы) туралы қорытынды жасайды, сондай-ақ балдық-рейтингілік жүйе бойынша жұмысына баға қояды. Рецензияға рецензент қол қояды және ол әскери қызмет өткеретін жұмыс істейтін ұйымның елтаңбалы мөрімен расталады.

155. Ғылыми жетекшінің пікірімен, бітіріп шығаратын кафедрада алдын ала қорғау хаттамасынан үзінді көшірмемен және рецензиямен магистрлік диссертация (жоба) МАК жұмысы басталғанға дейін күнтізбелік 3-4 күннен кешіктірмей магистрантпен Ұлттық қорғаныс университетінің кітапханасына (жабық сипаттағы жұмыстар – құпия кітапхана арқылы) тапсырады.

156. Орындалған магистрлік диссертацияның (жобаның) практикалық және ғылыми құндылығын сипаттайтын, бірақ оған кірмеген басқа материалдар қорғауға дейін күнтізбелік 2-3 күннен кешіктірілмей алдын ала зерделеу үшін МАК-тың кіші комиссиясына ұсынылады. Мұндай материалдарға: баспа мақалалары, өнертабыс туралы куәлік, магистрлік диссертацияларды (жобаларды) практикада қолдануын көрсететін, соның ішінде магистрант әскери тағылымдамадан (практикадан) өткен әскери бөлімнен (мекемеден) құжаттар, сондай-ақ әртүрлі схемалар, макеттер, слайдтар және т.б. жатады.";

158-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"158. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға қабылдау жөніндегі материалдар мен құжаттар қорғау басталғанға дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірілмей МАК-қа ұсынылады. Мерзімінде ұсынылмаған материалдар мен құжаттар қабылданбайды, ал жұмыс қорғауға келмегені туралы жазбамен қорғаудан алынады.";

160, 161, 162 және 163-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"160. Магистрант қорғауға:

1) магистерлік диссертацияны (жоба) (мұқабалатылған), МАК кіші комиссиясының әрбір мүшесіне есебінен магистрлік диссертацияға (жобаға) аннотацияны;

2) бітіріп шығаратын кафедра отырысы хаттамасынан үзіндіні;

3) ғылыми жетекшісінің пікірін;

4) рецензент рецензиясын;

5) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша жариялымдарды (ғылыми басылымдарда немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу);

6) өнертапқыштық туралы куәлікті;

7) ғылыми нәтижелерді іске асыру актілерін және магистрлік диссертацияны (жобаны) практикада қолданылуын көрсететін басқа да, соның ішінде магистрант әскери тағылымдамадан (практикадан) өткен әскери бөлімнен (мекемеден) құжаттарды ұсынады.

161. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау оның кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен МАК кіші комиссиясының ашық отырысында өткізіледі. Бір магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау ұзақтығы кемінде 50 минут кем болуға тиіс.

162. Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау мыналар болған кезде жүзеге асырылады:

1) ғылыми жетекшісінің оң пікірі;

2) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымда кемінде бір жарияланым немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияда сөз сөйлеуі;

3) магистрлік диссертацияны (жобаны) көпшілік алдында қорғауға ұсынымы туралы сараптау комиссиясының жазбаша қорытындылары;

4) бітіріп шығаратын кафедраның қорғауға ұсынымы туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан көшірме);

5) біліктілігі қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келетін рецензенттің бір рецензиясы, онда магистрлік диссертацияға (жобаға) жан-жақты сипаттама және тиісті мамандығы бойынша магистр дәрежесін беру мүмкіндігі туралы негізделген қорытынды беріледі.

163. Егер ғылыми жетекші және/немесе бітіріп шығаратын кафедра "қорғауға жіберілмейді" немесе "қорғауға ұсынылмайды" деген теріс қорытынды берген жағдайда магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамайды.";

166, 167 және 168-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"166. МАК-тың кіші комиссиясының мүшелері баяндаудан кейін магистрантқа қойған барлық сұрақтар жауап дайындау үшін жазып алынады.

Магистрантты жауапқа дайындау барысында кіші комиссияның мүшелері магистрлік диссертацияға (жобаға) ғылыми жетекшінің пікірін, рецензенттің рецензиясын тыңдайды. Одан кейін магистрант келіп түскен сұрақтарға жауап беруге

кіріседі. Жауап беру үшін магистрантқа магистрлік диссертация (жоба) материалдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

Магистранттың МАК кіші комиссиясы мүшелерінің сұрақтарына жауаптарынан кейін рецензент есертулеріне оның жауаптары тыңдалады .

167. Магистрлік диссертацияны (жобаны) МАК кіші комиссиясының мүшелері 100 балдық меже бойынша бағалайды.

168. Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 12 академиялық кредитті құрайды және докторлық диссертацияларды жазу және қорғау нысанында жүргізіледі.

Докторлық диссертацияларды қорғау Ұлттық қорғаныс университетінің диссертациялық кеңесі (бұдан әрі – кеңес) алдында жүзеге асырылады.";

171-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"171. Кеңестің кемінде 1/3 (бірден үш) қорғаныс және әскери қауіпсіздік саласындағы ғылыми дәрежесі және жұмыс тәжірибесі бар басқа ЖОО-лардың, ғылыми және басқа ұйымдардың өкілдері құрайды, қалғандары Ұлттық қорғаныс университетінің штаттық қызметкерлері болып табылады.";

174-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"174. Диссертациялық кеңес мынадай шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді өткізеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертацияны қорғаған адамдар кеңес оң шешім қабылдаған кезде философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және мемлекеттік үлгідегі диплом және қосымша (транскрипт) беріледі.";

Білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы менгерген, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқуын аяқтағаны туралы тиісті куәлік беріледі";

178-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"178. Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық оқудың толық курсы менгерген, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа кейінгі жылы диссертацияны қорғау мүмкіндігі беріледі. Ғылыми кешеннің кредиттерін қайта меңгеру тәртібін және диссертацияны қорғауды Ұлттық қорғаныс университеті дербес айқындайды.";

осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес 1-қосымша жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес 4-қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында оқулық

басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынамақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13294 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынамақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынамақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ) ЖӘОО және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери колледжінде (бұдан әрі – Әскери колледж) оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынамақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың:

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) оқулық басылымы – білімнің тиісті ғылыми-практикалық салалары бойынша жүйелендірілген материалды қамтитын, білім алушылардың осы саладағы білімді, дағдылар мен машықтарды шығармашылық тұрғыдан және белсенді меңгеруін қамтамасыз ететін, оқуға және оқытуға ыңғайлы нысанда мазмұндалған басылым;"

5) тармақшасы алып тасталсын;

14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) педагогикалық кеңес – Әскери колледждің оқу-тәрбие және әдістемелік қызметінің мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Оқулық басылымының көлемі маманды даярлаудағы оның ерекшелігін, орны мен мәнін ескере отырып, пәнді оқуға бөлінетін кредиттер санымен айқындалады. Бұл

ретте оқулықтың көлемі – кемінде 7 баспа парақты (А4 форматындағы 112 бет) құрайды.

10. ЖӘОО-лар және Әскери колледж үшін оқулық басылымдарын ресімдеуді әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше айқындайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. ЖӘОО факультетінің оқу-әдістемелік комиссиясы оқулық басылымының қолжазбасын және кафедра отырысы хаттамасынан үзіндіні алғаннан кейін үш рецензентті айқындайды, олар:

1) ӘОО басқа кафедрасының немесе құрылымдық бөлімшесінің өкілі;

2) тектес кафедраның немесе басқа ЖӘОО құрылымдық бөлімшесінің (ғылыми мекеменің) өкілі;

3) оны дайындау шеңберінде оқулық басылымының қолжазбасы әзірленген мамандық бойынша жұмыс берушінің өкілі болып табылады.";

25-тармақ алып тасталсын;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше материалдар келіп түскен сәттен бастап бір ай ішінде оқулыққа белгі беру жөнінде өз қорытындысын ұсынады.".

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Оқулық басылымдарын сынамақтан өткізуді (бұдан әрі – сынамақтан өткізу) басып шығарылғаннан кейін бір оқу жылы ішінде ЖӘОО жүргізеді және олардың сапасын, соның ішінде оларды одан әрі толық пысықтаудың мақсатқа сәйкестігін айқындау мақсатында оқулыққа пайдаланылады.

34. Сынамақтан өткізетін үйлестіруші орган оқу-әдістемелік кеңес болып табылады. Оқулықты бір жыл пайдаланғаннан кейін оқу-әдістемелік кеңестің отырысында құрамы кемінде үш адамнан тұратын сынамақтан өткізу жөніндегі комиссия құрылады. Комиссияның құрамына ЖОО өкілдері де, басқа ЖӘОО-лардың, сондай-ақ ҚР ҚМ, БШ және ҚК құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері де кіреді.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Сынамақтан өткізу жөніндегі комиссия оқу құралына қатысты мынадай шешімдердің бірін шығарады:

1) оқу процесінің талаптарына сәйкес келеді;

2) толық пысықтауды талап етеді (қажетті өзгерістерді көрсете отырып);

3) оқулық ретінде басып шығаруға ұсынылады (толық пысықтауды ескере отырып.

Толық пысықтау қажеттілігі туралы шешім болған жағдайда Автор бір ай ішінде толық пысықтайды және кафедра отырысының деңгейінен бастап талқылауға шығарады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Әскери колледжде оқулық басылымдарын дайындау, сараптау және сынамақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәртібі оқу бөлімшелерінің құрылымын ескере отырып, ЖӘОО-ларға ұқсас ұйымдастырылады.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Сынамақтан өткізу жөніндегі комиссия оқу-әдістемелік кешенге қатысты мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) оқу процесінің талаптарына сәйкес келеді;
- 2) толық пысықтауды талап етеді (қажетті өзгерістерді көрсете отырып);
- 3) оқулық ретінде басып шығаруға ұсынылады (толық пысықтауды ескере отырып).

";

51, 52 және 53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Оқулық ретінде оны басып шығару қажеттілігі туралы шешім болған жағдайда ол ЖӘОО оқулық басылымдарын басып шығару жоспарына енгізіледі.";

52. Әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшенің оң шешімінің негізінде тиісті материалдармен бірге (әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше қорытындысы, рецензиялар) оқулық қолжазбасы баспа және электрондық түрде ЖӘОО баспаханасына (редакциялық-баспа бөліміне) немесе Әскери колледждің оқу бөліміне жолданады.

53. Оқу-әдістемелік кеңестің (педагогикалық кеңес) оң шешімі негізінде оқу құралының қолжазбасы тиісті материалдармен (оқу-әдістемелік кеңестің немесе педагогикалық кеңестің хаттамасынан үзінді көшірме, рецензиялар) бірге баспа және электрондық түрде редакциялық-баспа бөліміне жолданады.";

Орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында оқулық басылымдары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынамақтан өткізу, басып шығару және оларға мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларына 6-қосымшаның 13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Пәннің мазмұнына байланысты оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық сүйемелдеу (бейне-дәріс, слайдтар, юниттер, электрондық оқу құралдары және т.б.)."

3. "Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13268 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қабылдау әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше) құрайтын, Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары бекітетін Қабылдау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мамандықтар мен біліктіліктер арасында орындарды қайта бөлу Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарының тиісті шешімімен жүзеге асырылады.";

22, 23, 24, 25, 26, 27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. ҚР ҚМ Ш. Уәлиханов атындағы Әскери колледжге (бұдан әрі – Әскери колледж) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес азаматтар (әскери қызметшілер) оқуға түсуге құқылы."

23. Оқуға түсушілер Әскери колледждің қабылдау комиссиясына құжаттар тізбесін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ұсынады.

Қабылдау комиссиясына құжаттардың толық тізбесін ұсынбаған оқуға түсушілер қабылдауға жіберілмейді.

24. Азаматтар қатарынан оқуға түсуші қабылдау жылының 1 мамырына дейін тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органына өтініш жасайды.

Жергілікті әскери басқару органының басшысы "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – ҚР ҰҚО туралы Заң) 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, үлгерімнің кемінде 3.0 немесе кемінде 2 GPA орташа балы бар білімі туралы құжаты бар оқуға түсушілер қабылдау жылының 30 шілдесіне дейінді қоса алғанда Әскери колледжге келеді.

25. Әскери қызметшілер қатарынан оқуға түсуші Әскери колледжге оқуға түсу үшін қабылдау жылының 1 маусымына дейін әскери бөлім командирінің атына тиісті баянатпен өтініш жасайды.

Әскери қызметші Әскери колледжге оқуға түсуге ниет білдірген әскери бөлімнің командирі ҚР ҰҚО туралы Заңға сәйкес арнайы тексеру және әскери қызметшінің

Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өтуі жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, үлгерімнің кемінде 3.0 немесе кемінде 2 GPA орташа балы бар білімі туралы құжаты бар әскери қызметші қабылдау жылының 30 шілдесіне дейін Әскери колледжге келеді.

26. Мектеп және "Арыстан" мамандандырылған лицейі бітірушілерінің қатарынан оқуға түсуші Әскери колледжге оқуға түсу үшін қабылдау жылын қоса алғанда 1 сәуірге дейін оқуға түсуші оқып жатқан білім беру ұйымы басшысының атына өтініш береді.

Мектеп және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің басшысы арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды Мектептердің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің бітірушілері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен құрылған комиссияға кәсіби-психологиялық тестілеуді және дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру үшін жіберіледі.

Кәсіби-психологиялық тестілеуден өткен және дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді тапсырған және үлгерімнің кемінде 3.5 немесе кемінде 2 GPA орташа балы бар Мектептердің және "Арыстан" мамандандырылған лицейінің бітірушілері қабылдау жылының 5 тамызына дейін Әскери колледжге медициналық куәландырудан өту және оқуға қабылдану үшін келеді.

27. Қабылдау кезеңінде оқуға түсушілер Әскери колледж аумағына орналастырылады және "Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген) бекітілген нормалар (бұдан әрі – жабдықтау нормалары) бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

28. Әскери колледжге азаматтар және әскери қызметшілер қатарынан қабылдау 1 – 20 тамызда мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

I кезең – кәсіби-психологиялық іріктеу;

II кезең – Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес түпкілікті медициналық куәландыру;

III кезең – дене шынықтыру дайындығын тексеру;

IV кезең – конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау.";

30, 31, 32, 33, 34, 35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Оқуға түсушілерді алдын ала кәсіби-психологиялық іріктеу ынталылық, күйзеліске төзімділік, сыни тұрғыдан және логикалық ойлау деңгейін тексеруді қамтиды және оны қабылдау комиссиясы құрылымдық бөлімшемен келісу бойынша Әскери колледждің тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімімен бірлесіп жүргізеді. Кәсіби-психологиялық тестілеу нәтижелері бойынша ұсынылмаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады.

31. Оқуға түсушілерді медициналық куәландыру денсаулық жағдайы бойынша Әскери колледжде оқуға жарамдылығын айқындауды қамтиды және оны Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес құрылған медициналық комиссия жүргізеді.

32. Оқуға түсушілердің дене шынықтыру дайындығын тексеру мынадай дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді қабылдауды қамтиды:

1) әскери қызметшілер (оның ішінде запастағы) үшін – "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі дене дайындығы жөніндегі нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 195 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9518 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 195 бұйрық) сәйкес;

2) азаматтар үшін – Үлгілік бағдарламаларға сәйкес және қабылдау комиссиясы Әскери колледждің дене шынықтыру дайындығы және спорт жөніндегі оқытушыларымен, нұсқаушыларымен бірлесіп жүргізеді. Барлық жаттығулар үшін бағалар сомасы бойынша 9 балдан төмен жинаған оқуға түсушілер кезеңнен өтпеген болып саналады, бұл ретте балдарды санау кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға саналмайды.

33. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы қабылдау жылының 20 тамызында жүргізеді және ең жоғарыдан ең төменгі рейтингілік балға дейін оқуға түсушілердің рейтингісін жасауды қамтиды. Рейтинг осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Әскери колледж қабылдау комиссиясының хаттамасымен (бұдан әрі – Хаттама) ресімделеді.

Әскери колледжге рейтингте бірінші нөмірден бастап қабылдау жоспары бойынша бөлінген орындар санына сәйкес келетін нөмірге дейін тұрған оқуға түсушілер қабылданады. Қабылдау жоспарын жалпы саннан 10 %-ға дейін асыруға жол беріледі.

Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау жылының 21 тамызында сағат 10.00-ге дейін жарияланады және Әскери колледж бастығының бұйрығымен 22 тамызда бекітіледі және интернет ресурсына орналастырылады. Апелляцияға өтініштер 21 тамызда сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

34. Әскери колледжге қабылдауға конкурстық іріктеуді жүргізу кезінде бірдей көрсеткіштер болған жағдайда Заңның 39-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдардың басым құқығы бар.

35. Әскери колледжге оқуға қабылданған оқуға түсуші "Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың және ұсынымның үлгі нысандарын, сондай-ақ аттестаттау парағының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 36 қбпү бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16594 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша Әскери колледждің бастығымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт (бұдан әрі – әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт) жасайды.

36. Әскери колледждің кадрлар бөлімі Әскери колледжге қабылдағаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде жергілікті әскери басқару органдарына және әскери бөлімдерге оқуға қабылдау туралы бұйрықтан үзінділерді жолдайды.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетіне (бұдан әрі - ҰҚУ) адамдар Заңның 39-1-бабына сәйкес оқуға түседі.

ҰҚУ магистратурасында және докторантурасында оқыту күндізгі оқу нысаны бойынша, оның ішінде қашықтықтан оқытуды пайдалана отырып, мынадай басқару деңгейлері бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жедел-тактикалық басқару деңгейі;
- 2) жедел-стратегиялық басқару деңгейі;
- 3) стратегиялық басқару деңгейі."

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Бейіні бойынша емтихан бағдарламалары сұрақтар тізімін қамтиды және емтиханды өткізу тәртібі мен оқуға түсушілерді бағалау өлшемшаттарын айқындайды.

Емтихан билеттерін бейіні бойынша емтихан комиссиялары жасайды.

Емтихан комиссияларының құрамдары кемінде үш адамнан тұратын қабылдау жылының 20 шілдесіне дейінгі мерзімде Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабы бастығының бұйрығымен бекітіледі және:

1) магистратураға – тапсырыс берушілердің өкілдерінен және ӘОО-лардың профессорлық-оқытушы қатарынан;

2) докторантураға – ғылыми дәрежесі бар әскери қызметшілер (қызметшілер) қатарынан.

Қабылдау жылының 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің бас қолбасшылары (бұдан әрі – ҚР ҚК), ҚР ҚМ, ҚР ҚК БШ құрылымдық бөлімдерінің бастықтары ҰҚУ-ға емтихан комиссияларының құрамдарын бекіту туралы бұйрық жобасына кандидаттарды қосу үшін ұсынады.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Қорғаныс министрлігінің басшылығы (Қорғаныс министрінің, Бас штаб бастығының орынбасарлары) және ҰҚУ (бастығы және оның орынбасарлары) қатарынан кандидаттар қашықтықтан оқытуды пайдалану арқылы докторантураға

оқуға түскен кезде емтихан комиссиясының құрамына ғылыми дәрежесі және қорғаныс пен әскери қауіпсіздік саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар басқа ұйымдардың өкілдері қосымша қосылады.";

Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2-қосымша мынадай жаңа редакцияда жазылсын.

Осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 3-қосымша мынадай жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 36 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13267 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың кәсіптік практикасын және тағылымдамасын ұйымдастыру және одан өту қағидаларында:

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – БМЖС) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) талаптарына сәйкес академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

4. Барлық кәсіптік практикалар түрлерінің жалпы көлемі базалық пәндер циклі көлемінен 30%-тен артық емес құрайды. Практикалардың көлемі мен еңбек сыйымдылығы БМЖС талаптарына сәйкес есептеледі, практикалардың саны мен ұзақтығын әскери, арнайы оқу орыны жұмыс оқу жоспарларына сәйкес дербес белгілейді.

5. Әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше әскери оқу орындарының өтінімдері бойынша жыл сайын күнтізбелік жыл алдындағы жылдың 1 қыркүйегінде кәсіптік практика мен тағылымдамадан өту кестесін әзірлейді. Кестеде тізімдік құрам, кәсіптік практика мен тағылымдаманың мерзімдері мен өтетін орны көрсетіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Кәсіптік практикадан өтуді, практика қорытындыларын жасауды, практика нәтижелерін қорытындылауды және талдауды, оны жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше жүзеге асырады."

5. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 37 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13239 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Білім алушыларды бір оқу орнынан басқаға ауыстыру немесе қайта қабылдау мәселелерін қабылдаушы ӘОО әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше бастығының өкімі бойынша жазғы немесе қысқы каникулдық демалыс кезеңінде жеке баянаттар негізінде қарайды.

Егер пәндер айырмашылығы 15 кредиттен артық емес болса, білім алушыны ӘОО ішінде бір мамандықтан басқаға ауыстыру білім алушының баянаты негізінде оқу кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Жазғы мезгілде оқудан басқа мамандықтарға ауыстырылған курсанттарды ауыстыру оқу кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Егер пәндер айырмашылығы 15 кредиттен артық құрайтын болса, онда курсант бір курсқа төмен ауыстырылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Білім алушыны бір оқу орнынан басқасына ауыстыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушыны оқып жатқан оқу орны немесе ӘОО басшысының атына ауысу себебін түсіндіретін құжаттарды қоса бере отырып, ауысу туралы баянат (өтініш) береді;

2) оқу орнының немесе ӘОО-ның басшысынан ауысуға жазбаша келісім алған кезде , академиялық анықтамамен немесе транскриптпен және мінездемемен бірге баянат әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеге жолданады;

3) әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар негізінде білім алушыны ӘОО-ға ауыстыру немесе

ауыстырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, оң шешім қабылданған кезде үш жұмыс күні ішінде білім алушы ауысатын ӘОО-ға құжаттар жолданады;

4) бұрын білім алушы оқыған оқу орнының немесе ӘОО-ның басшысы әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеден оң шешім алғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде "ауысуына байланысты оқудан шығарылды" деген тұжырыммен білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушыны нұсқамамен жібереді, білім алушының жеке ісін қабылдайтын ӘОО-ның мекенжайына жолдайды;

5) қабылдайтын ӘОО-ның басшысы білім алушы келісімен оқуға қабылдау туралы бұйрық шығарады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Азаматтарды оқуға қайта қабылдау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) азамат еркін нысанда әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше басшысының атына өзі таңдаған ӘОО-ға қайта қабылдау туралы өтініш береді . Қайта қабылдау туралы өтінішке Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларының 21-тармағына сәйкес құжаттар, академиялық анықтама немесе транскрипт қоса беріледі;

2) әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар негізінде ӘОО-ға қайта қабылдау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды, оң шешім қабылданған кезде үш жұмыс күні ішінде азамат таңдаған ӘОО-ға құжаттары жолданады;

3) ӘОО әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшеден шешімді алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде академиялық ерекшелікті, мамандықты және оқу курсын айқындайды және академиялық ерекшеліктің бар екені туралы әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшені хабардар етеді;

4) әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше он жұмыс күні ішінде азаматқа және ӘОО-ға қабылданған шешім туралы хабарлайды, азамат ӘОО-ға оған айқындалған мерзімде жеке куәліктің түпнұсқасымен, академиялық анықтамамен немесе транскриптпен келеді;

5) ӘОО басшысы құжаттардың түпнұсқасын тексергеннен кейін оқуға қайта қабылдау туралы бұйрық шығарады." .

6. "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім беру технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 41 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13173 болып тіркелген, 2016 жылғы 11

сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім беру технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында:

2-тармақтың 9-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) білім беру технологияларын іске асыратын білім беру ұйымының интернет-ресурсы – білім беру процесінің қатысушыларына арналған әкімшілік-академиялық ақпаратты қамтитын интернет-ресурс;"

3, 4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. ҚР ҚМ-ға ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім беру технологияларын (бұдан әрі - БТ) қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру үшін желілік, кейстік, тренингтік, оқу-вахталық технологиялары қолданылады.

4. БТ-ны қолдана отырып оқытуды ҚР ҚМ-ға ведомстволық бағынысты әскери оқу орынның тиісті құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ӘОО құрылымдық бөлімшесі) жүзеге асырады.

5. ӘОО құрылымдық бөлімшесі:

1) БТ-ны қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыру, әдістемелік, ақпараттық және техникалық сүйемелдеуді;

2) БТ-ны қолдана отырып оқу процесін жоспарлауды және ұйымдастыруды;

3) БТ-ны қолдана отырып сабақ өткізетін оқытушылардың біліктілігін арттыруды жоспарлауды;

4) электрондық оқу басылымдарын, мультимедиялық курстарды әзірлеуде, сатып алуда және меңгеруде консультациялық көмекті, тестілік кешендерді және білімдерді бақылаудың басқа да құралдарын әкімшілендіруді;

5) БТ үшін ақпараттық ресурстарды қолдану әдістемесін әзірлеуді;

6) БТ-ның бағдарламалық, ақпараттық және техникалық құралдарын әзірлеуді және пайдалануда қолдауды;

7) ӘОО интернет-ресурсында БТ-ны пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі қажетті ақпаратты орналастыруды жүзеге асырады.

6. Іріктеу, қабылдау тәртібі "Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13268 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

7. БТ-ны пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру технологияларының ерекшеліктері жұмыстық оқу бағдарламаларында ескеріледі."

8-тармақ алып тасталсын;

9, 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. БТ-ның (кейстер, мультимедиялық курстар, тестілік кешендер) ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін іске асыру үшін оқу-әдістемелік материалы қосымша әзірленеді.

10. БТ-ны пайдалана отырып оқу процесін жүзеге асыру үшін ӘОО-ның құрылымдық бөлімшесі:

1) БТ-ны іске асыру бойынша оқытушыларды, мамандарды оқытуды ұйымдастырады;

2) оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және жаңалау үшін профессорлық-оқытушы құрамына жағдайлар жасайды;

3) білім алушыларға ақпараттық технологиялар арқылы немесе қағаз жеткізгіштерде бар (рұқсат етілген) пошта жүйелері арқылы оқу материалдарын жеткізеді;

4) "on-line" режимінде консультациялар ұйымдастырады және өткізеді;

5) "off-line" режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады;

6) "on-line", "off-line" режимінде білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылайды;

7) қашықтықта оқытудың ақпараттық технологияларын қолдана отырып, мультимедиялық курстарды (соның ішінде бейнедәрістер) әзірлеуді ұйымдастырады.

11. БТ "on-line", "off-line" режимінде оқу сабақтарын өткізуге негізделеді.

Оқу процесі:

1) оқытушының білім алушымен желілік, кейстік, тренингтік, оқу-вахталық технологияларды қолдана отырып педагогикалық қарым-қатынасы;

2) білім алушының оқу құралдарымен (оқу-әдістемелік кешен, мультимедиялық курстар, қосымша әдебиет) өзіндік жұмысы арқылы жүзеге асырылады."

7. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарынан шығарып жіберу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 419 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15634 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарынан шығарып жіберу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Білім алушыларды оқудан шығарып жіберу ӘОО бастығының бұйрығымен, ал Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінен – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүргізіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Үлгермеушілігі бойынша ӘОО-дан шығарып жіберуге:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу қағидаларының 23-тармағында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13264 болып тіркелген) көзделген жағдайларды қоспағанда, академиялық берешегі бар және оны жаңа академиялық кезең басталғанға дейін жоймаған;

2) "білім беру бағдарламаларының талаптарын орындамаған" ретінде қорытынды аттестаттаудан өтпегендер (яғни дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауда немесе кешенді емтиханды тапсыруда 50 балдан аз алуы, қорытынды аттестаттауға рұқсатының болмауы, қорытынды аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеу).";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. ҒК қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс берумен шешім қабылдайды, хаттаманы ресімдейді және ӘОО бастығына білім алушының ӘОО-дан үлгермеушілігі бойынша оқудан шығарылуы туралы қолдаухатты бекітуге ұсынады.";

11-тармақ алып тасталсын;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. ҒК "білім алушы ӘОО-дан үлгермеушілігі бойынша оқудан шығарылсын" деген шешімді мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) оқу пәндері бойынша бір және одан да көп академиялық берешектерінің бар болуы;

2) дипломдық жұмысты (жобаны), магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауда немесе кешенді емтихан тапсыруда 50 балдан аз алуы;

3) қорытынды аттестаттауға рұқсатының болмауы;

4) қорытынды аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеуі.

13. ҒК білім алушыны ӘОО-дан үлгермеушілігі бойынша оқудан шығаруы туралы шешім қабылдау кезінде:

1) курсанттар (кадеттер) үшін – кадрлар органы үш жұмыс күні ішінде білім алушыны оқудан шығарып жіберу туралы ӘОО бастығының бұйрығын шығарады және жеке істі білім алушы келген жергілікті әскери басқару органына жолдайды;

2) магистранттар мен докторанттар үшін – ҒК шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде ҰҚУ-ның кадрлар органы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадрлар органына оқудан шығарып жіберу туралы ұсынымды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің оқудан шығарып жіберу туралы бұйрығына қосу үшін жолдайды.";

14-тармақ алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы "___" _____
№ ___ бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты
әскери оқу орындарында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Цифрлық баламасы	Балдар (%-дық мағынасы)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы "___" _____
№ ___ бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты

әскери оқу орындарында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
3-қосымша

Дәстүрлі бағалауды оқудағы жетістіктерді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне ауыстыру

Дәстүрлі жүйе бойынша баға	Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың цифрлық баламасы	Балдар саны
өте жақсы	A	4	100
жақсы	B	3	84
қанағаттанарлық	C	2	69
қанағаттанарлықсыз	F, FX	0,5	49

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы "___" _____
№ ___ бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты
әскери оқу орындарында білім
алушылардың үлгеріміне
ағымдағы бақылау, оларға
аралық және қорытынды
аттестаттау жүргізу
қағидаларына
2-қосымша

Әскери колледжге және әскери оқу орындарына оқуға түсу үшін құжаттар тізбесі

1. Оқуға түсушінің тегін, атын және әкесінің атын (бар болған кезде), туған күнін, тұрғылықты жерінің мекенжайын, ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің байланыс деректерін көрсетумен еркін нысанда оқуға қабылдау туралы өтініш немесе баянат.

2. Жеке куәлігінің көшірмесі (салыстыру үшін түпнұсқасы).

3. Әскери билет көшірмесі (тек әскери қызметшілер, оның ішінде запастағылар, түпнұсқасы).

4. Білімі туралы құжаттар (түпнұсқасы және көшірмесі).

5. Кемінде 50 балл, оның ішінде математикадан сауаттылығы немесе математикадан кемінде 7 балл, ал қалған пәндер бойынша – кемінде 4 балл тестілеу нәтижесі бар ҰБТ, ТКТ сертификаты (Әскери колледжге оқуға түсетіндерді қоспағанда).

6. Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасына сәйкес әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматтың медициналық куәландыру картасы.

7. Сотталмағандығы туралы анықтама.

8. Спорттық разрядты, ағымдағы жылғы орындаушылардың республикалық не халықаралық жарыстардағы, конкурстардағы, жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиададағы, сондай-ақ ағымдағы жылғы жалпы білім беру пәндері бойынша Президенттік не республикалық олимпиададағы жүлделі орнын растайтын құжат (бар болған кезде).

9. Көлемі 3x4 төрт фотосурет.

10. Жетім балалар және олардың ата-анасы құқықтарының шектелуіне немесе одан айырылуына, ата-анасының хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына, олардың қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (шектеулі әрекетке қабілетті) деп танылуына байланысты, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған өзге де жағдайларда жалғыз немесе ата-анасының екеуінің қамқорлығынсыз қалған балалар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған фактісін растайтын мынадай құжаттардың бірінің көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын) қосымша ұсынады:

1) ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік;

2) ата-анасын ата-ана құқықтарын шектеу немесе одан айыру туралы сот шешімі;

3) ата-анасын хабар-ошарсыз кеткен деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау немесе әрекетке қабілетсіз (шектеулі әрекетке қабілетті) деп тану туралы) сот шешімі.

11. Әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе мүгедектік алған, қызмет өткеру уақытында хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілердің балалары тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органынан анықтама ұсынады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы "___" _____
№ ___ бұйрығына
4-қосымша

Тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты
әскери оқу орындарына оқуға
қабылдау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Әскери колледж қабылдау комиссиясы шешімінің хаттамасы

Комиссия құрамы:

Комиссия төрағасы:

Комиссия төрағасының орынбасары:

Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы:

Әскери колледжге оқуға түсу үшін кандидаттарды қабылдау жөніндегі өз отырысында іріктеу кезеңдерінің нәтижелерін зерделеді және қарады және қаулы шығарды:

р/с №	Т.А.Ә	Туған жылы, күні, айы	Ұлты	Отбасы құрамы				Кәсіби-психологиялық іріктеу	Дене шынықтыру дайындығы	Медициналық куәландыру	Аттестаттың орташа балы	Рейтингтің балл
				Әкесі	Шешесі	Ағасы	Апасы					

Жиыны:

қабылданды –

бас тартылды –

бас тартты –

Қабылдау комиссиясының төрағасы:

Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары:

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

Қабылдау комиссияның хатшысы: